**Автор**: Бакеева Турсынгуль Дошниязовна
**Пән**: Өзін-өзі тану
**Сынып**: 3- сынып
**Бөлім**: Адам болам десеңіз
**Тақырып**: Аққөңілділік туралы

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | Оқушыларға аққөңілділік , ақпейілділік қасиеті туралы түсінік беру; бойындағы аққөңілділікті түсіністік қасиеті арқылы дамыту; ақпейілділікке , аққөңілділікке , түсіністікке тәрбиелеу. |
| Сабақтың мақсаты: | оқушыларға аққөңілділіктің маңыздылығын түсіндіру арқылы қиянат жасамау құндылығының мәнін ашу. |
| Тілдік мақсаттар: | сыпайы сөйлеуге үйрету |
| Күтілетін нәтиже: | айналасындағы адамдармен үйлесімді қарым-қатынас жасайды , барлығымен түсіністікте болуға ұмтылады |
| Бағалау критерийлері: | оқушылардың әртүрлі жағдаяттарда адамдармен түсіністік таныта білуі бағаланады |
| Құндылықтарды дарыту: | қиянат жасамау құндылығының жарыққа шығуына ықпал ету |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Дос болайық ,бәріміз! әнінің әуенін интербелсенді тақта арқылы қосу |
| Пәнаралық байланыс: | музыка , әдебиеттік оқу , бейнелеу |
| Бастапқы білім: | айнала қоршаған ортамен үйлесімді қарым -қатынас жасау дағдылары |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу.5Т қадағалау.Жағымды күйге келу. | медитация "Путь сердца" |
| Сабақтың ортасы | Үй тапсырмасын тексеру:«Мейірбан» әңгімесін талдау:-адамның бойындағы мейірімділік қайдан туындайды?<br>-аққөңіл , мейірімді болудың маңызы неде?<br>-аққөңілділік қандай іс-әрекеттер арқылы көрініс табады?<br>-кімді аққөңіл дер едің?Неліктен?<br>-өзің айналаңдағыларға аққөңілділігіңді қалай білдіріп жүрсің?<br>-өзің қандай жағдайда түсіністік таныттың?<br>Дәйексөз «Аққөңілділік-адам ойының тазалығының көрінісі» Ж.Баласағұни 2-рет ер балаларға , 2- рет қыз балаларға айтқызу , бірге қайталау.Дәптерге жазу.<br>Әңгімелеу Б.Тұрсынбаевтың Әлім мен Жанар әңгімесін баяндап беру және талдау:<br>-Жанардың Әлімге ренжуі дұрыс па?<br>-Әлімнің қандай мінезі сендерге ұнады?<br>-балалардың қандай қасиеттерін өз бойыңнан көргің келеді?<br>-өздеріңнің аққөңілділік танытқан кездерің туралы айтып беріңдер?<br>-сендер өз орталарыңмен түсіністікте болу үшін не істеп жүрсіңдер?<br>-сен үшін айналаңмен түсіністікте болудың маңызы қандай?<br>Шығармашылық жұмыс Топтық жұмыс.Тапсырма:аққөңілділік сөзіне ребус құрастырыңдар.<br>Топпен ән айту: Дос болайық , бәріміз! әнін бірге орындау. | Оқулықтағы 3-тапсырма; Б.Тұрсынбаев "Әлім мен Жанар" (әңгіме). |

| **Сабақкезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы | Үйге тапсырма: №21 сабаққа 98 беттегі Ы.Алтынсариннің «Жомарт» әңгімесін оқып және мазмұндап келу. | Өзін-өзі тану оқулығы 98 бет |
| Рефлексия | Соңғы тыныштық сәті:Аяқ-қолымызды айқастырмай , түзеліп отырып , бүгінгі сабақта айтылған жақсы сөздер мен істерді жүрегімізге сақтап алайық.Сабақ аяқталды! Сау болыңыздар! | |